**Шымкент қалалық білім басқармасына қарасты «№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны**

# АШЫҚ САБАҚ

# О. БӨКЕЙ «ТОРТАЙ МІНЕР АҚБОЗ АТ»




Мұғалім: Берденов. А

Шымкент 2025ж

Бекітемін
Мектеп директоры
Л.Н. Мырзакасымова

## Қысқа мерзімді жоспар

**Сабақтың тақырыбы:** О.Бөкей «Тортай мінер ақбоз ат» әңгімеден үзінді. Тортай тағдыры

| | |
|---|---|
| **Бөлім:** | **3 – бөлім. Мен – балаң, жарық күнде сәуле қуған...** |
| Педагогтің аты-жөні: | **Берденов Ахмет** |
| Күні: | **14.03.25ж** |
| Сыныбы: 6 «Г» | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | О.Бөкей «Тортай мінер ақбоз ат» әңгімеден үзінді. Тортай тағдыры. |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | **6.1.1.1** әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау;<br>**6.3.2.1** кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру: |
| Сабақтың мақсаты: | Әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтай алады;<br>Кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беріп, айта алады. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br><br>Қызығушылықты ояту<br><br>3 мин.<br><br>5 минут | **І.Ұйымдастыру кезеңі:**<br><br>**а)** Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу. Психологиялық жағымды ахуал туғызу. Топқа бөлу **«Шашу әдісі»** арқылы топқа бөлу.<br><br>***1. Адамгершілік***<br>***2. Арман***<br>***3. Достық***<br><br>**Үй тапсырмасын «Сиқырлы қалам» әдісі арқылы сұрау.**<br><br> | | |  |
| **Жаңа сабаққа кіріспе**<br><br>4 минут<br><br> | **«Кинометафора»** әдісі арқылы бейнебаян көрсету.<br><br> | **Айтылым.**<br><br>Тапсырманы орындау арқылы оқушылардың айтылым дағдысы қалыптасады | | **ҚБ:** Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға |

<table>
<tr>
<td><br>2 минут</td>
<td>Оқушыларға сабақтың тақырыбын, мақсатын таныстырады.<br><br>- Оқушылар, Енді хикаятты әңгімені қаншалықты меңгердіңдер, кейіпкерлер қандай әсер қалдырды, қандай ой түйдіңдер, осының барлығы бүгінгі сабақ барысында байқалып, бағаланбақ<br><br>«Ретін тап» әдісі арқылы шығарманың фабуласын анықтаңдар.<br><br>
<table>
<tr><th>№</th><th>Шығарманың фабуласын анықтаңдар</th></tr>
<tr><td>1</td><td>Тортайдың қиын өмірі (соғыстан кейінгі қайғы-қасіреттері)</td></tr>
<tr><td>2</td><td>Автормен арадағы достық байланысы</td></tr>
<tr><td>3</td><td>Тортайдың арманы</td></tr>
<tr><td>4</td><td>Қолының қысқалығынан ауылдан алыс кете алмаған Тортай</td></tr>
<tr><td>5</td><td>Автордың арман арқалап қалаға оқуға кетуі</td></tr>
<tr><td>6</td><td>Тортайдың үйлі болуы, ауылдағы кәсібі</td></tr>
<tr><td>7</td><td>Қаладан ауылға келген досы</td></tr>
<tr><td>8</td><td>Тортайдың досының үйіне сәлем бере келуі</td></tr>
<tr><td>9</td><td>Тортайдың арманын ұрлап алғандай болған досының өз-өзінен қысылуы</td></tr>
</table>
</td>
<td>Оқыған шығармаларын еске түсіре отырып, оқиғаны реттілікпен сәйкестендіреді.</td>
<td>Дескриптор:<br>Жалпы – 1 балл.<br>Шығарманың фабуласын анықтайды.</td>
<td>«Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.<br><br>6-сынып оқулығы, кесте, жұмыс дәптері</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы<br>Мағынаны ашу.<br>6 минут<br></td>
<td>1-тапсырма.<br>«Шығарма пирамидасы» әдісі<br><br>Шығарманы композициялық құрылымына талдау жасаңдар.<br><br></td>
<td>Мәтінді оқып, үлгі бойынша кестені толтырады.</td>
<td>Дескриптор:<br>Жалпы – 5 балл.<br>Оқиғаның басталуын жазады;<br>Сюжеттің байланысын анықтайды;<br>Сюжеттің шиеленісуін табады;<br>Шарықтау шегін анықтайды;<br>Шешімін табады.</td>
<td>6-сынып оқулығы, кесте, жұмыс дәптері<br></td>
</tr>
<tr>
<td><br>3 минут</td>
<td>Сергіту сәті «Көкпар» ойыны<br><br>Халқымыздың қазақы болмысын айқындайтын құндылық және ежелгі көшпелі халық болғанымызды білдіретін басты нышан – қазақ жылқысы туралы сұрақтарға жауап береді</td>
<td></td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | <br>***1. Адамгершілік***<br>***2. Арман***<br>***3. Достық***<br>**Топтарының атауын топ басшылары қорғайды.**<br>Адамдар арасында ***адамгершілік*** қарым-қатынасқа құндылық көзқарасын қалыптастыру;<br>***Арманға*** жету жолында асқақ ойдың маңызды орын алатындығы туралы білімдерін нығайту;<br>Оқушылардың арасында ***достық*** сезімдерін дамытуға ықпал ету. | | | |
| <br>6 минут | **2-тапсырма.**<br>***"Қос жазба күнделігі" әдісі***<br>**Шығармадағы кейіпкерлерді сипаттап талдаңыздар.**<br><br> | Шығармадағы кейіпкерлерді сипаттап талдайды. | ***Дескриптор:***<br>***Жалпы - 2 балл.***<br>Кейіпкер бейнесін елестету арқылы сипаттайды;<br>Кейіпкерлердің ұнамаған қасиетін талдайды. | 6-сынып оқулығы, кесте парағы, жұмыс дәптері |
| <br>6 минут | **3-тапсырма.**<br>***«Сыншы» әдісі.***<br>Қазіргі кездегі достықтың маңызына баға беріңдер. (дәптермен жұмыс) | Мәтіннен түсінгендерін қорытып, *Қазіргі кездегі достықтың маңызына баға беріңдер.* дәптерге қысқаша жазады. | ***Дескриптор:***<br>***Жалпы - 2 балл.***<br>Мәтіннен түсінгендерін қорытып, достықтың маңызын дәптерге қысқаша жазады;<br>Қазіргі өмірмен байланыстырып, негізгі ойларын айтады. | 6-сынып оқулығы, жұмыс дәптері |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| абақтың соңы<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия<br><br>8 минут<br><br>2 минут | **О. Бөкей «Тортай мінер ақбоз ат» шығармасынан сахналық көрініс.**<br><br>Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды.<br>***Мақсаты:*** Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады.<br>***Тиімділігі:*** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.<br>Оқушылар түрлі-түсті қима қағаздарына, Тортайға тілек жазып, ақбоз аттың үстіндегі қоржынға іледі.<br><br> 84-беттегі, 13-тапсырма. «Арман болған ақбоз ат» деген тақырыпта эссе жазыңдар. | **Жеке жұмыс:**<br>Оқушылар бір ауыз сөзбен сабақ туралы өз ойларын түсіндіріп береді. Бір ауыз сөздеріне сабақты бағалайтын келесі сөздерді өте жақсы түсіндім, қызықты болды, түсіндім, ізденуім керек т.б | Мұғалім оқушылардың сабаққа қатысқан белсенілігіне қарай 1-10 баллдық жүйе бойынша әр оқушының өзіне тиісті баллын қойып бағалайды. Сонымен қатар, оқушыларды ынталандыру үшін<br>***«Домбыра» әдісі*** арқылы бағалайды. | <br><br> |